

Түркістан облысы

Келес ауданы

№20 Т. Бердияров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

«Сыршыл акын – Токаш Бердияров-98 жаста»

Әдеби кеш



Ұшқын ауылды

2023-2024 оку жылды

«Сыршыл ақын- Тоқаш Бердияров» атты әдеби кеш.

Мақсаты: Тоқаш Бердияров жайлы сыр ашып, ой толғау, ақынның өмірі мен шығармашылығын насхаттау, оны жас үрпаққа кеңінен таныту. Ақын қаламынан туған өлең-жырлары арқылы оқушыларды адами қасиеттеге баулу. Өнерді, өленді, сезімді бағалауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тоқаш Бердиярұлының портреті, эпиграф жазылған плакаттар, кітаптар көрмесі, гүлдер, шарлар

1-жүргізуши: - Оңтүстіктің айлы түні-ай, ақ тамақ

Сүт аңқиды адырдан да, айдан да.
Жапырақтар әсте қыбыры етпейді,
Бөлеп оны қойған ба?
Төңкөрілген Айым-ай,
Төкші, төкші ақ сүтінді тағы да.
Қандай салқын, қандай салқын атырап,
Қалмапты ғой күндізгі аптап табы да.
Жымындаиды, жымындаиды жұлдыздар,
Ұйықтамайды түнімен.
Төнірекке төгіледі хош иісі
Жиде ағаштың гүлінен.

-Кеш жарық , құрметті қонақтар, ұлағатты ұстаздар мен оқушылар!

Кыркүйек айы халық ақыны Тоқаш Бердияровтың дүниеге келген айы. Тума талант бұл күнде өмірден өтсе де барша қазақтың жүргегінде берік орналасқан.

2-жүргізуши: Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, қалың жүртшылықтың махабатына бөлениген ақын Тоқаш Бердияровтың 98 жылдық мерейтойына байланысты дайындаған «Келестің ақының ақыны -Тоқаш Бердияров» атты әдеби кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады.

(Кешке келген қонақтарға сөз беріледі)

1.

2.

3

1-жүргізуши: - Ақын Тоқаш Бердияровтың өлендерінен оңтүстіктің жұпар ауасы, жусанының исі, құстарының әні, Су Келесі мен Құр Кеслесінің шолпылы, Сырдариясының сусылы дегендей, барлық әсем табиғаты , тыныс-тіршілігі өлеңге айналып, сөйлеп жатады:

Қызғалдағын теріп сонау белестің,
Оңтүстіктің шаңына аунап мен өстім.
Алып кеттім аттанарда әскерге,
Жалғыз уыс топырағын Келестің

- деп жырлаған Келестің төл баласы , тағдырдың неше бр тауқыметін көп көрген майдангер, матрос, ақын Тоқаш Бердияұлы (азан шақырып қойылған аты Торқысбек) 1925 жылы 19 қыркүйекте қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Келес ауданының Келес өніріндегі «Ұшқын» ауылындағы кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Әке-шешесінен ерте айрылғандықтан, бес жасар Тоқаш Ташкент қаласындағы №6 балалар қабылдау үйінде және №23 қазақ балалар үйінде тәрбиеленген. 1938 жылы өзінің ауылына келіп, «Коммуна» жеті жылдық мектебін аяқтап үлгемей түрмис тауқыметімен колхоз шаруашылығына орналасып, табельші болып мақта плантациясында, қырманда жұмыс істейді. Кейіннен «Бесқұбыр» ауылдық кеңесінің хатшысы қызметін атқарады.

2-жүргізуі: - Тоқаш Бердияұлы жасы он алтыға толғанда әдейі жасын ұлғайтып көрсетіп, сүм соғысқа сұранып аттанып, 4-Украина майданында шайқасқа қатысқан. Соғыс аяқталған соң да, әскер қатарында қалып, тағы төрт жыл Балтық флотында сұнгүр қайықта матрос боп қызмет істеген.

1-жүргізуі: - Тоқаш Бердияұлы 1949 жылдың күздінде денсаулығына байланысты әскери қызметтен босатылған. Алматыға келіп, суретшілер училищесінде оқыған. 1958 - 1962 жылдары "Лениншіл жас", "Қазақ әдебиеті" газеттерінде қызмет еткен. 1962 жылдан шығармалық жұмыспен айналысқан. Алғашқы өлеңі 1950 жылы жарық көрді. «Шалқы, теніз» өлеңдер жинағы 1952 жылы басылып шықты.

2-жүргізуі: - Тоқаш Бердияұлының 10-нан астам поэмасы Ұлы Отан соғысына арналған. Бұған ақынның майданды көзімен көріп, зұлымдыққа күе болуы себеп болса керек. Ақынның алғашқы «Мен өмір сүремін» атты поэмасы баспасөз бетінде жарияланған бойда оны М. Өуезов қазақ әдебиетіндегі «тың табыс» деп жоғары бағалап, үлкен қолдау көрсеткені белгілі.

1-жүргізуі: - Тоқаш Бердияұлы атамыздың баспадан "Бейбітшілік көшесі" , "Мен өмір сүремін" , "Оқ және ғұл" және т. б. 20-ға жақын кітаптары шыққан. Ақынның таланттың аға буын өкілдерінен М. Өуезовтен басқа, F. Мұсірепов, С. Мұқанов, Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Қ. Бекхожин, F. Қайырбеков т. б. ақын-жазушылар жоғары бағалады.

2-жүргізуі: «Қасиетінен , қара өлең , айналайын» деп ақынның досы ақын М. Мақатаев айтқандай , ендігі кезекте ақынның шығармаларын окушылар жатқа оқиды.

1-окушы: «Келестің ыстық топырағы-ай» өлеңі Нұржан Әли оқиды.

2- окушы: «Жиделер гүлдеді» өлеңі Ұлас Айдана

3- окушы: «Тан» өлеңі Ұлас Жанерке

4- окушы: «Өмір саған ризамын» өлеңі Дүйсенбек Амина

5-окушы : «Көз жасы» өлеңі Сейделхан Мадина

Би: «Шашу» Қыздар тобы

1-жүргізуі: Тоқаш Бердияров - қазақ өлеңінің қадір-қасиетін, көркемдік дәрежесін асқан зор шеберлікпен шырқау биікке көтерген сирек суреткер, халықтық ақынға айналған дара тұлға. Ақын қазақ поэзиясының алтын қорын сан алуан тақырыптағы көркемдік дәрежесі жоғары туындылары арқылы байытқан.

2-жүргізуі :-Әркімнің туған жері, туған өлкесі бар . Туған жерге, туған елге деген махабbat әр адамның жүрегінен орын алады. Оған ақындар өлең жазса, сазгерлер ән

арнаған. Сол сияқты Тоқаш та өзінің туған жерге деген ыстық ықыласын «Ауыл», «Елгे бардым», «Дала көрінісі», «Тұган жер» өлеңдері арқылы береді.

1-жүргізуши:

Ауыл бардым шалдармен көріскелі,
Ауыл маған жақсылық көп істеді.
Шырылдаған бозторғай ауылым ғой,
Ауылым ғой қалың мал өрістегі – деп туған ауылына деген махаббатын өз өлең жолдарында білдіреді.

Келесі кезекте ақынға арнау өлеңдер оқылады.

6-оқушы: Кендебай Мұртазаевтың Т. Бердияровқа арнау өлеңі «Жас ұрпаққа аманат» Рысбай Ұлдай

7-оқушы: «Тоқашқа арнау» Әбдібек Айдана

8-оқушы: «Тоқашқа арнау» Сейделхан Ақбота

Ән: «Маралдым» Сегізбай Мерейдің орындаудында.

Би: «Қамажай» Қыздар тобы

Ән: « » Сегізбай Аслан орындаудында

Би: «Айгөйлек» Қыздар тобы

2-жүргізуши: - Ұғымы пәс, діндар адам емеспін,

Табиғатпен тату-тәтті тел өстім.

Туған жерге мені әкелген жетелеп,

Жалғыз уыс топырағы-ай Келестің!

2-жүргізуши: - Тоқаш ақын :

«Уақыт тұрмас тоқырап,

Өмір, өмір құйынсың

Жалғыз уыс топырак ,

Туған жерден бұйырсын» – деп Тоқаш ақын жырлаған еді.

1-жүргізуши: - Тоқаш Бердияұлы 1988 жылы тамыз айында денсаулығы нашарлап, 63 жасында дүниеден өтті. Ақынды ауыл-елі, аудан басшылары болып туған жері «Келес» шаруашылығының «Ұшқын» ауылына әкеліп жерлеген.

2-жүргізуши: - Тоқаш –өлең, Тоқаш әуен аспанда,

Тоқаш орны, Тоқаш тағы асқарда

Тоқаш жыры толқыны боп Келестің,

Зәм-зәм сыйлап өтер мәңгі жастарға.

1- жүргізуши: - Елі үшін, жері үшін туған,

Сыршыл ақын жолын қуған.

Оңтүстікті жырлаған бабам,

Тоқаш аға, мәңгі өшпес тұлған.

2-жүргізуши: - Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халқына өлеңдерімен рухани азық, бақыт сыйлаған ақын Т. Бердияұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Келестің ақының ақыны -Тоқаш Бердияров» атты әдеби кешімізді аяқтаймыз.

№20 Т.Бердияров атындағы жалпы білім беретін мектебі

Анықтама

Тыңдалды:Кітапхана менгерушісі В.Кумекбаева №20 Т.Бердияров атындағы жалпы орта мектебімізге есімі берілген ақын Тоқаш Бердияровтың туған жылы,60 жылдық,70 жылдық,80 жылдық,90 жылдық мерейтойлары,және мектебімізде ақын Тоқаш Бердияровтың 70 жылдық мерей тойында Т.Бердияровқа арнап бұрыш ұйымдастырылғаны және осы тойға келген ақын жазушылардың өздерінің кітаптарына қол таңба алғандығы туралы (Ханбібі Есенқара, Мархабат Байғұт ,Нармахан Бегалы т.б) 90 жылдық мерей тойында ақын Тоқаш Бердияровтың « Мұражайы» ашылғаны туралы айтып өтті.Кітап көрмесімен таныстыруды.

Жарыс сөзге : Мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары А.Артыков өз сөзінде ақын Тоқаш Бердияровтың достары және қарулас досы Ерназар Смайылов туралы айтып өтті.


Жарыс сөзге қазақ тілі және әдебиеті пәннін мұғалімі А.Қолдашева өз сөзінде :Оқушыларға мектебімізге есімі берілген жерлес ақын Т.Бердияровтың шығармаларында,әсіреле,соғыс пен бейбітшілік,өмір мен махабbat ,Отан мен туған жер ,адамгершілік пен достық ,әдебиет пен өнер адамдары жайлы тақырыптар жиі көтерілген.Оның туған жері -Келес достарына деген сағынышы айрықша екендігі және ақын жырларынан үлгі алу туралы айтып өтті.

Бар өмірін өнер жолына сарып етіп,қысқа ғұмырында қарапайымдылығымен,қара қылды қақ жарап шыншылдығымен елге танылғанын айтып өтті.

Тоқаш Бердияровтың жазған өлеңдері ел ,табигат,дала көрінісі,ауылдың таныс тіршілігі туралы жазылғанын айта келіп ,Ақын Тоқаш Бердияровтың «Сұр қоян»өлеңін оқушылардың жатқа білетіндігі туралы айтып , оқушылармен бірге айтты.Оқушылардың кітапханамен байланысын жандандыру туралы айтты.

Кітапханашылар:

К.Рахманбердиева
В.Кумекбаева



«Оқу сағаты» әр сәрсебіде мектеп бойынша жаппай 20 минут кітап окуда.



Анықтама

Көп адамда бір күнде есепсіз әріптер саны ажыралмай жұтыла береді екен. Қызық мақалалар жұмысқа қатысты кесіби әдебиет адамның дамуына арналған мәтіндер. Кітап оқуды мақсат еткен адамдар осы күйге жетпей тұр. Неше түрлі әдебиеттерді таңдамай жұта берсе керек. Қазіргі кезде саналы әрі ойлы ләzzат силайтын оқу еді. Кітап оқуға уақыт табу үшін тәуліктегідегі 24 сағаттың өзі аздық ететіндей. Кітапты оқуға уақыт табу керек. Кітап оқуға уақыт табу өте қыын жұмыстан шаршайсын. Әр уақытың есептеулі ,интернетте сағаттан отырасың деледидарға қарауға көп уақыт жұмсайсың. Қажетсіз мақалаларды кезексіз жұта бересің. таусылмайтын қазына ол кітап. Кітап оқуға күніне кішкене уақыт бөлуге тырыс. Күніне 20 минуттай кітап оқу керек.

Оқырмандар күнделікті күйбелен қүнге кітап оқуды насиҳаттаймын. Қазіргі күнде ақын жазушыларымыздың көркем әдебиеттері ,таңдамалы шығармаларын кітапханадан алып оқуды насиҳаттаймын. Ана мен бала жобасы бойынша кітапханада жағдай жасалған аналар келіп кітап оқуға болады. Әр сәрсенбі ашық есек күні. Кітапханашы. К.Рахманбердиева кітапханадағы кітаптармен таныстыруды.

Мектеп кітапханашылары:  В.Кумекбаева

 К.Рахманбердиева